





Философиялық ақиқаттың қалыптасуы



Танымның мақсаты шынайы білім. Шындық, ақиқат дегеніміз не? Бұл сұрақ гносеологияның іргелі мәселелерінің бірі. Философияда бұл мәселе жайында бір қалыпты түсінік жоқ. Біреулер, білімнің шындыққа сай келуі деп түсінеді, бұл үйлесімдік немесе корреспонденция теориясы. Келесілері, ақиқат деген тәжірибеде дәлелденгеннің өзі дейді, бұл эмпирикалық тұғырнама.



Ақиқат концепциясының дәстүрлінемесе классикалық концепциясы бірінші түсінігімен байланысты. Ол көне замандарда пайда болды. Аристотель “үзілгенді үзілгендеп, байланыстыны байланысты дейтін деп айтатың шындыққа жетеді”. Ортағасырларда, Фома Аквинский “ақиқат дегеніміз интеллект пен заттың арасындағы келісіммен айқындалады”. Декарт “ақиқат-өзінін мән-мағынасында ойдың затқа үйлесімділігі”.



Бұл пікірді материслистер де, идеалистер де; диалектиктер мен метафизиктер де; теологтар мен атеистер де келісті. Қазырғы заманда корреспонденция теориясы негізінде келесі түсінік қалыптасты: 1) ақиқатты түсіну объективті және субъективті шындықтың бар екенін мойындауды білдіреді; 2) ақиқат таным объектісімен, субъектісімен және оның практикалық әрекетімен байланысты білдіреді; 3) ақиқат нақты болып табылады, оның мазмұны танымның нәтижелеріне баға берілетін нақты орынмен, және уақытпен себептелінеді; 4) ақиқат шексіз процесс болып табылады, онда білмеуден білімге, толық емес білімнен толық білімге өту болып жатады


Сонымен, ақиқат- таным субъектісінің практикалық білімде алынатын шындықты барабар бейнелеу. Әр бір ақиқат өзінің формасы жағынан субъективті: ол субъектінің әрекетінің нәтижесі және субъектіден тыс өмір сүрмейді. Ол тұлғаның “ізін” сақтайды, өйткені ол өзінің әлеуметтік-тарихи тәжірибесіне сүйенеді. Ал, мазмұны жағынан ақиқат объективті: адам санасынан тыс, одан тәуелсіз тұрған объектіні адам санасында бейнеленуі.




Таным процесінде абсолютті және салыстырмалы ақиқат тығыз байланыста: абсолютті ақиқат салыстырмалыдан құрылады, сондай-ақ салыстырмалы білімдерде абсолютті дшынайы білімдердін бөлшектері бар. Сонда абсолютті және салыстырмалы ақиқаттар бір білімнің әр түрлі қырлары болып табылады.



Ақиқатт проблемасын шешу барысында келесі ұғымдарға көңіл бөлу қажет: расталған және расталмаған (болымды, гипотетикалық) білімдер, ақиқат, жалғандық және адасушылық. Расталған білім- бұл объективті, шынайы білім. Және олар шынайы болып логикалық тұрғыда дәлелденген де, немесе эмпирикалық, эксперименталды, нақты дәлелденген кезде есептеледі. Мысалы, Абай 1845-1904 ж. өмір сүрді. Нақты, құжат арқылы дәлелденеді; немесі “Сократ пенде (смертный)” логика бойынша “бәр адамдар пенделі” және “Сократта адам”. Ал расталмаған білім логикалық тұрғыдан толық дәлелденбеген немесе әлі практикада өз көрінісін таппаған білімдер.





Маркстің философиясында практика кең мағынада қарастырылады, дүниені және адамды өзгертуге бағытталған адамның мақсатталған сезімдік-заттық әрекеттері деп. Практиканың мұндай жалпы түсінігі теориялық танымның басқа салаларында ақиқаттың жеке өлшемдерін қлдануды терістемейбі. Мысалы: жаратылыстану ғылымдарында- эксперимент және бақылау, өнер мәселесі мен айналысатың ғылымдар- жалпы мәдени, эстетикалық, этикалық өлшемдерге бой бұрады, математика немесе логика өте абстрактілі ғылымдар ретінде, олардың қағидаларың тікелей тексеру мүмкін емес- теориялардың “қолданбалығы”, басқа ғылымдарда, техникада, өндірісте көрін табуы мен қатар формальды-логикалық (теорияның толықтығы, қарамайшылықтың болмауы, интерсубъективтілігі)

өлшемді қолданады.

Соңғы кездерде ақиқат критерилерімен байланысты жаңа концепциялар пайда болды: 1. ақиқаттың когерентті тұғырнамасы (Лейбниц, Спиноза, Гегель, Гемпель, Нейрат) білімнің байланыстылығын, жүйелілігін, біртұтастығын мойындайды. Мұнда логикалық өлшемдер басшылыққа алынады. Жалпы жүйеде бір-бірімен байланысты үйлесімділікте пікірлердің болуы, көп бұынды логикалық құрылым. Бұл тұғырнама нормативті болып келеді, өйткені субъектіден алшақ болып, бірінші орынға танымдық процедуралармен білімнің өзіне береді.





2. ақиқатылықтың
конвенционалды
тұғырнамасы (Пуанкаре)
мұнда ғылыми теориялар
және онда қолданылатың
ұғымдар
объективтішындықтың
бейнесі емес, ол
адамдардың арасындағы
келісімнің болу (конвенция)
нәтижесі

3. ақиқатылықтың прагматикалық тұғырнамасы (көне Қытай және антика философияда өз бастамасың алған- ақиқаттың практикалық құндылығын мойындау, маркстік философияға да тән- ақиқаттың өлшемі практикак болып есептелді, Джемс, Дьюи, Пирс т.б. жалғасын тапты) ақиқат мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін пайдалық. Олар өздерінің назарын ақиқаттың әлеуметтік маңызына, оның комуникативтілігіне және қоғам мен мойндалуына аударды.



Уильям Джеймс

